

*Д. Асымова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>PhD, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ  
[Damu\\_kaznpu@mail.ru](mailto:Damu_kaznpu@mail.ru)*

## **XX ғ. ГЕНДЕРЛІК МӘДЕНИ БЕЙНЕЛЕРДІҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ: ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА**

*Аңдатпа*

Қазіргі кезде «гендер» мәселесін зерттеу қазақстандық ғылым үшін жас сала болып есептеледі. Бүгінгі күні қоғамдағы гендер түсінігі бойынша ер және әйелдің орны, олардың рөлімен осыған байланысты әлеуметтік үрдістер ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл мақалада Шымкент қаласында орналасқан мәдени ескерткіштер, атап айтсақ қалада орнатылған мүсіндер, ескерткіштер, инсталляциялар, Түркістан облыстық өлкетану музейінің экспонаттары мен қойылымдары, Түркістан орталық мемлекеттік архивінің фото, кино деректеріндегі гендерлік образдардың ортақ бейнесі жинақталып қарастырылды. Аталмыш мәдени ескерткіштердің ғылыми әлеуетін көрсетуге әрекет жасалды. Сонымен қатар өңірдегі әйелдің тарихы, қоғамдағы рөлі, әлеуметтік белсенділігіне сипат берілді. Отбасылық құндылықтардың қала тұрғындары үшін алатын орны, салт дәстүрдің сақталу деңгейі көрсетілген. Сонымен қатар қала агломерациясы, урбанизация мәселесі қарастырылды. Бүгінгі Шымкент қаласының даму тенденциясы. Заманауи қаладағы мәдениеттің даму бағытары, мәдениет құндылықтарын паш ететін жаңа мекемелер, ғимараттар. Қала безендіру жұмыстарына түрткі болатын идеялары мен шабыттарының тарихи үні мен бүгінгі күнмен үндестігі. Жинақталған Шымкент қаласының әйел бейнесі мен обрызының бүгінгі күнмен байланысы, даму эволюциясы мен қоғам жадындағы орны анықталды.

**Кілт сөздер:** Визуалды бейнелер, гендерлі тарих, қала тұрғындарының тарихы, мәдени ескерткіштер, оңтүстік өңірі, бейнелер композициялары.

*D. Assymova<sup>1</sup>*

*PhD, Senior Lecturer, KazNPU named after Abai  
[Damu\\_kaznpu@mail.ru](mailto:Damu_kaznpu@mail.ru)*

## **REPRESENTATION OF GENDER CULTURAL IMAGES OF THE XX CENTURY: ON THE EXAMPLE OF SHYMKENT CITY**

*Abstract*

At present, the study of "gender" is a young direction for Kazakhstani science. Today, the role of men and women in the concept of gender in society, their role and associated social trends are becoming more and more important. The article summarizes the cultural monuments of Shymkent, in particular sculptures, monuments, installations, exhibits and performances of the Turkestan Regional Museum of Local Lore, photographs of the Central State Archive of Turkestan, a general image of gender images in the film. Attempts have been made to demonstrate the scientific potential of these cultural monuments. The history of women in the region, their role in society, and social activity were also described. The role of family values for city residents, the level of preservation of traditions are indicated. The issues of urban agglomeration and urbanization were also considered. Trends in the development of Shymkent today. Trends in the development of culture in a modern city, new institutions and buildings that

reflect the values of culture. Historical tone and harmony of ideas and inspirations that motivate the work of decorating cities with modernity. The connection between the image and the image of a Shymkent woman with the present day, the evolution of development and her place in the memory of society are revealed.

**Keywords:** Visual images, gender history, history of townspeople, cultural monuments, southern region, composition of images.

*Д.Асымова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>PhD, старший преподаватель КазНПУ имени Абая  
[Datu\\_kaznpu@mail.ru](mailto:Datu_kaznpu@mail.ru)*

## **РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ГЕНДЕРНЫХ КУЛЬТУРНЫХ ОБРАЗОВ XX ВЕКА: НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

### *Аннотация*

В настоящее время изучение «гендера» - молодое направление для казахстанской науки. Сегодня роль мужчин и женщин в концепции гендера в обществе, их роль и связанные с ними социальные тенденции становятся все более важными. В статье обобщены памятники культуры Шымкента, в частности скульптуры, памятники, инсталляции, экспонаты и перформансы Туркестанского областного краеведческого музея, фотографии Центрального государственного архива Туркестана, общее изображение гендерных образов в фильме. Были предприняты попытки продемонстрировать научный потенциал этих памятников культуры. Также были описаны история женщин региона, их роль в обществе, социальная активность. Указана роль семейных ценностей для жителей города, уровень сохранности традиций. Также были рассмотрены вопросы городской агломерации и урбанизации. Тенденции развития Шымкента сегодня. Тенденции развития культуры в современном городе, новые учреждения и здания, отражающие ценности культуры. Исторический тон и гармония идей и вдохновений, которые мотивируют работу по оформлению городов с современностью. Выявлена связь образа и образа женщины Шымкента с сегодняшним днем, эволюция развития и ее место в памяти общества.

**Ключевые слова:** Визуальные образы, гендерная история, история горожан, памятники культуры, южный регион, композиции образов.

**Кіріспе.** Мақалада көтерілген тақырып, Қазақстанның тарих ғылымы үшін жаңа тақырып деп есептеуге болады. Музейлер, архивтердің тарихына арналған зерттеулер бар болғанымен, ондағы қойылымдар мен бейнелердің визуалды нарративтеріне тарихи-антропологиялық тұрғыдан сипаттама берілмеген. Сонымен қатар, өңірдің гендер мәселесінің музей мен архивтердегі визуалды құжаттар негізінде ортақ бір бейнесі жинақтауға әрекет жасалды.

Жаңа статуска ие болған қала тарихын визуалды бағыт негізінде зерделеу, өзекті және қажетті деп санаймыз [1]. Себебі, қарастырылған деректер негізінде қала тарихына арналған зерттеулер жоқтың қасы. Бұл мәдени ескерткіштердің әлеуметтік маңыздылығы, тарихи құндылығы жоғары болғандықтан, қала және қала тұрғындарының өмірін бейнелер негізінде, тұтас тарихын қарастыруға мүмкіндік беретін әлеуеті бар екені байқалды.

**Мақсаты.** Мәдени ескерткіштерді репрезентациялау арқылы деректік маңызы бар көркем бейнелерді талдау мақсатында, феноменологиялық талдау жасауға әрекет ету. Визуалды мәдениеттің, артефактілерді философиялық, мәдениеттанушылық талдау негізінде, бір-бірімен қалай байланысатынын оптикалық және тактильді әдістермен бақылау [2].

**Материалдар мен әдістер:** Мақаланың теориялық бөлімі мәдени ескерткіштердің гендерлік репрезентациясы ұғымына арналады. Қазақ тарихында гендерлік бейнелердің репрезентациясы ғылыми термин тұрғысынан зерттеле қоймағандықтан біз шетелдік өнертанушылар мен ағылшын, орыс тілінде жарық көрген зерттеулерге жүгінеміз [3].

Қазақ тарихында гендер репрезентациясы ғылыми термин тұрғысынан зерттеліп қарастырылмаған. Сол себепті қазақ тарихындағы гендер репрезентациясының өзіндік ерекшеліктерін жан – жақты қарастыру үшін ғылымның өзге де салаларында гендер мәселесін зерттеп көрсеткен әлемдік және отандық ғалымдардың зерттелу жұмыстары қарастырылды [4].

Жыныстық бастау тақырыбы Аристотель, Платон сияқты ежелгі грек ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапқанын байқауға болады. Сонымен қатар, гендер жайлы ойларын жаңа заман философтары: И.Кант, Г.В. Ф. Гегель, А.Шопенгауэр, З.Фрейд және психоаналитиктер К.Г. Юнг, А.Адлер, Э.Бадентер, Э.Берн, Дж. Бернхард, М.Мид, Б.Фридан, К.Миллет, И.С. Кон, К.Хорни сынды ғалымдар жыныстың әлеуметтік теориясының дамуына үлкен үлес қосты. Сондай-ақ, Ж. Лакан, М. Фуко, Ж. Делез, Ж. Деррида сияқты постмодернистердің еңбектері, әсіресе С.де Бовуардың әлемге әйгілі «Екінші жыныс» (Второй пол) кітабы аталмыш тақырыпты жан-жақты қарастырды [5].

«Гендер» ұғымына Қазақстан ғалымдары тәуелсіздік алған жылдардан кейін шындап назар аударыла бастады. Қазақстандағы гендерлік саясат институтының даму бағыттарына сәйкес тарихта, психологияда, философияда, этнологияда, әдебиеттануда, лингвистика салаларда бірнеше ғалымдар еңбек жазып, зерттеді [6]. Бұған бірден-бір түрткі болған қазақ қоғамындағы әйел бейнесі және гендерлік мәселені зерттеу мен дамуына арналған 1999 жылы жарық көрген «Гендер теориясына кіріспе» («Введение в теорию гендера») және артынша 2000 жылы шыққан «Әйел жынысы» («Пол женщины») топтық ғылыми жинақ болды. Ә.Н. Нысанбаев, Т.Х. Ғабитов, Ғ.Есім, А.Құлсариева, Ә.Масалимова, М.Орынбеков, С.Қондыбай, Н.Ж. Байтенова, Қ.Ш. Нұрланова, Г.Г. Соловьева, З.Н. Исмағамбетова, З.А. Мұқашев, Н.А. Усачева, З.Қодар сынды беделді отандық философтар әйелдің қоғамдағы рөліне баса назар аударса, Г.Адаева, С.Қарпықова, С.М. Шәкірова, Н.Шеденова аталмыш тақырыпта кандидаттық жұмыстар қорғап, өз саласында арнайы зерттеген [7].

Бұл еңбектермен қатар, әртүрлі ғылыми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жарияланған саясаттану, әлеуметтану, экономика зерттеулері салаларында талқыланған бірнеше ғылыми еңбектер де бар. Олардың қатарында И. Б. Сүлейменованың «Тәуелсіз Қазақстандағы әйелдердің саяси көшбасшылығын қалыптастыру», Д. М. Айкупешованың «ҚР әйел күші рыногының қалыптасуындағы гендерлік теңдіктің дамуы 2008», Б. Х. Жұбанованың «Қазақстандық педагогикалық ойлар тарихындағы гендерлік идеялар» («Гендерные идеи в истории педагогической мысли Казахстана» 2008), А. Б. Самакованың «Қазақстан қоғамының әлеуметтік трансформациясы аясында гендерлік саясат» 2010), Р. С. Тұрдалиеваның «Көркем әдебиеттегі гендерлік сипат: психолінгвистикалық талдау» (2009), Г. Х. Ғаниеваның «Әлеуметсіздену жеке мінез – құлқына байланысты гендерлік аспектілері» («Гендерные аспекты ассоциального поведения личности» 2010) санауға болады [8]. Олар әйелдердің қоғамдағы рөлінің теориялық аспектілері мен бейнелерінің эволюциясын, Қазақстанның дәстүрлі қоғамындағы әйелдің тарихи ерекшелігін анықтауға, отбасындағы рөлін, нарықтық қатынас кезіндегі түрлі тенденцияларды қарастырды [9].

**Нәтижелерді талқылау:** Қазіргі таңда Шымкент қаласында бір облыс деңгейіндегі және бір қалалық мемлекеттік архивтері ғалымдар үшін қызмет етеді. Музейлер мен галереялар бағыты, тарихи кезең мен тақырыбына қарай бөлінген. Атап өтсек, Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі, Саяси репрессия құрбандарының музейі, «Қылуат» этно – музейі, «Алтынорда» көркем өнер галереясы мен көркем өнер галереясын атап өтуге болады. Аталмыш мекемелердің мәдени мұра ретінде сақтап отырған құндылықтардың барлығы дерлік, өңір мен осы жерді мекен еткен адамдардың өмірі, тұрмыс тіршілігін,

бүтін бір идея ретінде көрсете алатын деректер тізбегі [11]. Біз көрген бейнелердің арасынан, мәдени ескерткіштердің (фото, кино, мүсін, портреттер, тұрмыстық заттар, әшекейлер) көп мөлшерде көрсетілгеннен соң, мәдени ескерткіштердің гендерлік сипатына ерекше назар аударуды жөн санадық. Осында көрген әйел образы белгілі бір ұстаным, өмір сүру тұжырымдамасын, бірігейліктің қалыптасу үдерісіне сипат беретінін байқадық. Өңірдің бейнесін қаладағы ескерткіштер мен безендіруден бөлек, жоғарыда аталып кеткен архивтер мен музейлердің қорларынан да көру мүмкіндігі бар [12]. Шымкент қаласындағы Түркістан облысының мұрағатының фото қорларына жүгінетін болсақ, қордың жалпы көлемі бес мың бес жүз отыз жеті (5537) фото суретті құрайды. Соның (2835) гендірлік сипаттағы суреттер. Жалпы 15 қор сонымен қатар қала мен облыстың дамуына ерекше үлес қосқан қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың жеке қорлары сақталған. Мәдени ескерткіштердің барлығы дерлік, өлкеді әйел бейнесінің өзгеру эволюциясына тарихи-антропологиялық сипат бере алды [13].

**Зерттеу нәтижесі:** Қазіргі таңда Шымкент қаласында бір облыс деңгейіндегі және бір қалалық мемлекеттік архивтері ғалымдар үшін қызмет етеді. Мұражайлар мен галереялар бағыты, тарихи кезең мен тақырыбына қарай бөлінген. Атап өтсек, Түркістан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Саяси репрессия құрбандарының мұражайы, «Қылу» этно – мұражайы, «Алтынорда» көркем өнер галереясы мен көркем өнер галереясын атап өтуге болады. Аталмыш мекемелердің мәдени құндылықтарды мұра ретінде сақтап отырған барлығы дерлік, өңір мен осы жерді мекен еткен адамдардың өмірі, тұрмыс тіршілігін, бүтін бір идея ретінде көрсете алатын деректер тізбегі. Біз көрген бейнелердің арасынан, мәдени ескерткіштердің (фото, кино, мүсін, портреттер, тұрмыстық заттар, әшекейлер) көп мөлшерде көрсетілгеннен соң, мәдени ескерткіштердің гендерлік сипатына ерекше назар аударуды жөн санадық. Осында көрген әйел образы белгілі бір ұстаным, өмір сүру тұжырымдамасын, бірігейліктің қалыптасу үдерісіне сипат беретінін байқадық. Қала тарихының болмысын, қаланы ұлттық нақышта безендіру стилі мен көшелеріндегі орнатылған мүсіндер мен ескерткіштері сыр шертеді. Қалада қойылған мүсіндер өмірдің бастауы «Ана» (кимешек таққан) әйел адам бейнесі - бала (бесік мүсіндері) оның жалғасы ретінде, яғни отбасы(шаңырақ) адам өміріндегі ең басты құндылық, тұтастай бір ұғым ретінде көрсетілген. Бұл мүсіндер жобасын әзірлеп жатқаннан бастап, қала тұрғындарының бойына өмір анадан, ал қоғам тірегі отбасы екенін көз алдына елестету арқылы әсер етуге арналып қойылғандай. Қаладағы гендерлік сипаттағы мәдени бейнелердің орны ерекше екені анық.

**Қорытынды:** Шымкент қаласында Тарихи-өлкетану музейі өңірдің тарихи жадын сақтау жұмысы бағытында орны ерекше. Экспонаттар мен инсталляцияларды композициялау барысында, өлке тұрғындарының өмірін жан-жақты сипаттап бере алатын жоғары ғылыми әлеуеті бар мәдени ескерткіштер екендігіне көз жеткіздік. .

Мақала «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қаржыландыратын 2020 жылға арналған «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері, ЖТН № АР08857194 «XIX – XX ғ.ғ. басындағы қазақстандық бейнелердің тарихы мен визуалды антропологиясы: эволюциясы мен субъектінің қалыптасуы» тақырыбындағы жоба бойынша даярланды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Мақала, интервью, эксперттік комментарийлер және сараптама-аналитикалық материалдар. - Астана, 2017. - б.33
2. Кант И.О. Различии возвышенного и прекрасного у мужчин и женщин//Собр. соч. в 6 т.- М.: Мысль, 1966. - Т. 5, - с. 69
3. Берн Ш. Гендерная психология. - СПб: Прайм-Еврознак, 2003. - с.236-237
4. Bernard Jessie. The Future of Marriage. - London: Publisher: Yale University Press, 1982, - p. 364

5. Құлсариева А. Гендер мен дәстүр қалай қабыспақ? Алаш Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет // [www.alashainasy.kz](http://www.alashainasy.kz) (дата обращения: 01.06.2020)
6. Соловьева Г.Г. Гендер и постмодернизм // *Философия Евразии*. - Алматы: Наука, 2004, - с. 8 - 44
7. Исмағамбетова З.Н. Проблематичность бытия и пути ее развития: историко-философский аспект. - Алматы: Қазақ Университеті, 2000, - с. 14-117
8. Карпыкова С.С. Женщины Казахстана: проблемы историографии (20-е-80-е годы XX века). - Алматы, 1997.
9. ТОМ. 497 қор, № 14,15,16,17,18,19,20 суреттер – 1871-1875 ж. –Шымкент қ.
10. ТОМ. 639 қор, №7,15,19,20,22,23,25 суреттер – 1901-1905 ж.-Шымкент қ.
11. ТОМ. 537 қор, 1946 ж.-Шымкент қ.
12. Түркістан облысының тарихи- этнологиялық мұражайының №1 «Этнография» көрме залының экспонаттары – Шымкент қ.
13. Түркістан обласының облысының тарихи- этнологиялық мұражайының №2 «Археология» көрме залының экспонаттары – Шымкент қ.

#### References:

1. Nazarbayev NA *Orientation to the future: Spiritual revival. Articles, interviews, expert comments and analytical materials*. - Astana, 2017. - p.33
2. Kant I.O. *Distinctions between exalted and beautiful in men and women* // *Sobr. соч. in 6 vols.*- М.: Mysl, 1966. - Vol. 5, - p. 69
3. Bern Sh. *Gender psychology*. - SPb: Prime-Evroznak, 2003. - p.236-237
4. Bernard Jessie. *The Future of Marriage*. - London: Publisher: Yale University Press, 1982, - p. 364
5. Kulsarieva A. *How do gender and tradition coexist? Alash Republican socio-political information newspaper* // [www.alashainasy.kz](http://www.alashainasy.kz) (date of application: 01.06.2020)
6. Соловьева Г.Г. *Gender and postmodernism* // *Philosophy of Eurasia*. - Almaty: Nauka, 2004, - p. 8 - 44
7. Ismagambetova ZN *Problematic nature of existence and ways of its development: historical-philosophical aspect*. - Almaty: Kazakh University, 2000, - p. 14-117
8. Karpykova SS *Women of Kazakhstan: problems of historiography (20th-80s of the XX century)*. - Almaty, 1997.
9. ТОМ. 497 funds, № 14,15,16,17,18,19,20 pictures - 1871-1875. - Shymkent
10. ТОМ. Fund 639, №7,15,19,20,22,23,25 photos - 1901-1905 - Shymkent.
11. ТОМ. Fund 537, 1946 - Shymkent
12. *Exhibits of the exhibition hall №1 "Ethnography" of the Historical and Ethnological Museum of Turkestan region* - Shymkent.
13. *Exhibits of the exhibition hall №2 "Archeology" of the historical and ethnological museum of Turkestan region* - Shymkent.